

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы мүшесін тағайындау туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 14 шешімі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 12-бабы 2-тармағының 2-тармақшасына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 41-тармағының үшінші абзацына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентінің 55-тармағына сәйкес, сондай-ақ Қырғыз Республикасының ұсынуы негізінде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес **шешті**:

1. Мукай Асанович Кадыркуловты тағайындау кезінде айқындалған өкілеттіктердің қалған мерзіміне Қырғыз Республикасынан Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқа мүшесі болып Нурлан Орозбаевич Акматов тағайындалсын.

2. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы " Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының дербес құрамы және оның мүшелерінің арасында міндеттерді бөлу туралы" № 37 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының дербес құрамына Еуразиялық экономикалық комиссияның Кедендік ынтымақтастық жөніндегі Алқа мүшесі ( Министр) Нурлан Орозбаевич Акматов енгізіліп, дербес құрамнан Мукай Асанович Кадыркулов шығарылсын.

### Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан